

Жерлерді сақтап қою қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 993 қаулысы.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 02.03.2020 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жерлерді сақтап қою қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 02.03.2020 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен, Денсаулық сақтау министрлігімен, Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігімен, Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Атом энергетикасы жөніндегі комитетімен бірлесіп, құзыреті шегінде үш ай мерзімде топырақты ластайтын зиянды заттардың, зиянды микроорганизмдер мен басқа да биологиялық заттардың шекті жол берілетін шоғырлануының нормативтерін бекітсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Азып-тозған, ластанған және бүлінген жерлерді алудың, қорғаудың, пайдаланудың және консервациялаудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 16 маусымдағы N 976 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 27, 242-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне жер қатынастарын реттеу бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы N 1123 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 30, 339-құжат).

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

Жерлерді сақтап қою қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 02.03.2020 № 91 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жерлерді сақтап қою қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) топырақ құнарлылығын сақтау және қалпына келтіру, қоршаған ортаны жақсарту және халық денсаулығын қорғау мақсатында ауыл шаруашылығының тозған алқаптарын, шекті жол берілетін концентрациясы мен шекті жол берілетін әсер ету деңгейінің белгіленген нормативтерінен артық химиялық, биологиялық, радиоактивті және басқа да зиянды заттармен, өндіріс және тұтыну қалдықтарымен, сарқынды сулармен ластанған, карантиндік объектілермен, бөтен текті түрлермен және аса қауіпті зиянды организмдермен зақымданған жерлерді (бұдан әрі – бүлінген жерлер) сақтап қою, сондай-ақ ядролық қару сынақтары салдарынан нормативтен артық радиоактивті ластануға ұшыраған жер учаскелерін алып қою тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.12.2023 № 1100 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын ұғымдар:

аса қауіпті зиянды организмдер – кезең-кезеңмен жаппай көбеюге және таралуға бейім, экономикалық, экологиялық залал келтіретін және уәкілетті орган бекітетін аса қауіпті зиянды организмдер тізбесіне енгізілген зиянкестер мен өсімдіктер аурулары;

биологиялық ластану – жерлердің бактериологиялық, гельминтологиялық, энтомологиялық және карантиндік ластануы;

бөтен текті түр – Қазақстан Республикасының флорасы мен фаунасында жоқ, пайда бола қалған жағдайда елеулі экономикалық және экологиялық залал келтіруі мүмкін, өсімдіктің және арамшөптің ауруын қоздырушы жәндіктің түрі;

жерлерді сақтап қою – жерлерді шаруашылық айналымнан уақытша шығару;

жерлердің ластануы – антропогендік қызметтің нәтижесінде жерде шекті рұқсат етілетін зиянды заттар нормативтерінен асып түсетін, жердің құндылығын төмендететін, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасын, қоршаған ортаның басқа да объектілерін, халықтың тұру жағдайын нашарлататын мөлшерде әртүрлі заттар мен организмдердің жинақталуы;

жерлердің тозуы – жердің табиғи ортаның элементі ретіндегі функциясының өзгеруіне, оның сандық және сапалық жағдайының нашарлауына, табиғи-шаруашылық мәнінің төмендеуіне әкеліп соқтыратын процестер жиынтығы;

зиянды организмдер – топыраққа, өсімдікке және ауыл шаруашылығы өніміне теріс әсер ететін зиянкестер, арамшөптер және өсімдіктердің аурулары;

карантиндік объект – өсімдіктерге және өсімдік өніміне айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін, Қазақстан Республикасының аумағында жоқ немесе шектеулі таралған, Еуразиялық экономикалық одақтың карантиндік объектілерінің бірыңғай тізбесіне және (немесе) өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шаралар белгіленетін және жүзеге асырылатын карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің тізбесіне енгізілген өсімдіктер ауруын қоздырғыш зиянкес немесе арамшөп;

радиоактивті ластану – жерлердің радионуклидтермен, оның ішінде ядролық қаруды сынаудың, радиациялық авариялардың, ядролық қондырғылар жұмысының, иондаушы сәулелену көздерін, радиоактивті заттар мен қалдықтарды сақтау және көму пункттерін пайдаланудың, сондай-ақ атом энергиясын пайдалануға байланысты өзге де қызметтің нәтижесінде ластануы;

химиялық ластану – топырақтың химиялық құрамының адамдардың өндірістік, ауыл шаруашылық, тұрмыстық немесе өзге де қызметінің салдарынан оның құнарлылығы мен сапасының төмендеуін тудыратын өзгеруі;

шаруашылық-тұрмыстық ластану – жерлердің топырақтың физикалық және химиялық қасиеттерінің жағымсыз өзгеруін тудыратын өндірістік қалдықтармен және сарқынды сулармен ластануы.

3. Осы Қағидалар пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру, минералдық шикізаттың өңделген қалдықтарын жинақтау, қоқыс жинақтауыштар, күл-қож үйінділері, геологиялық барлау, іздестіру, құрылыс және өзге де жұмыстарды орындау үшін белгіленген тәртіппен берілген, пайдаланылуы олардың бүлінуіне байланысты болатын бүлінген (бүлінетін) жер учаскелеріне қолданылмайды.

2-тарау. Бүлінген жерлерді анықтау, зерттеп-қарау және сақтап қою

4. Бүлінген жерлерді анықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін жер учаскесінің меншік иесінің немесе жер пайдаланушының өтініш хаты, жергілікті атқарушы немесе өзге де құзыретті органның бастамасы негіз болып табылады.

5. Бүлінген жерлерді анықтауды белгіленген өкілеттіктері шегінде жергілікті атқарушы органдар, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері), қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті орган және басқа да уәкілетті органдар өздері жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруы тәртібімен жүргізеді немесе ол арнайы далалық зерттеп-қарау нәтижесінде жүргізіледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 23.12.2021 № 924 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органы жерлердің ластану деңгейі мен бүліну дәрежесін белгілеу, келтірілген залалды айқындау, бүлінген жерлерден болған салдарды жою мақсатында арнайы комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрады.

Комиссияның құрамына жер қатынастары, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органдардың, санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің, ауыл шаруашылығының, орталық уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің және басқа да құзыретті органдар мен ұйымдардың мамандары кіреді.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.12.2021 № 924 қаулысымен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

7. Комиссия екі ай мерзімде жиналған материалдарды жинап, талдайды және жер ресурстарын басқару, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі органдардың және басқа да уәкілетті органдардың нормативтік-нұсқаулық құжаттары мен әдістемелік нұсқауларына сәйкес бұзылған жерлердің ластану деңгейін анықтау мақсатында аумақты тексереді.

Қолда бар материалдар жеткіліксіз болған жағдайда комиссия тиісті мемлекеттік органға қосымша зерттеулер жүргізу қажеттігі туралы ұсыныс енгізеді.

Комиссияның, денсаулық сақтау, ғылым және ғылыми-техникалық қызмет және білім беру саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдардың қорытындылары аумақты зерттеу материалдарымен бірге Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде экологиялық сараптама жүргізу үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға беріледі.

8. Жерлердің ластану деңгейі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бекітілген топырақты ластайтын зиянды заттардың, зиянды микроорганизмдердің және басқа да биологиялық заттардың шекті жол берілетін шоғырлануының нормативтеріне сәйкес анықталады.

9. Комиссияның зерттеп-қарау материалдары комиссияның барлық мүшелері қол қойған қорытындыда жинақталып қорытындылануы тиіс.

Қорытындыда:

меншігінде немесе пайдалануында бүлінген жер учаскесі бар тұлғаның деректері;

жердің бүлінуіне әкеп соққан объектілер;

егер жерлерді ластаған, бүлдірген, ауру жұқтырған тұлға анықталса, оның деректері

;

бүлінген жерлердің түрі мен алаңы (орналасқан орнын схемада бұрыш координаттарымен нақтылап);

жердің сапалық жай-күйі бойынша бүлінген жерлердің дәрежесі;

жер ресурстарына келтірілген залалды бағалау;

халықтың денсаулығына қауіпті бағалау;

бүлінген жерлерді қалпына келтіру бойынша ұсынылатын іс-шаралар, пайдаланудың нысаналы мақсатын өзгерту немесе пайдаланудың арнайы режимін белгілеу не шаруашылық айналымынан толық шығару ұсынылатын жер учаскелерін бөле отырып, бүлінген жерлерді одан әрі шаруашылыққа пайдалану жөніндегі іс-шаралар көрсетіледі.

10. Бүлінген жерлердің топырағының құнарлылығын қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, жерді сақтап қою жүргізіледі.

11. Жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) бір айы мерзімде комиссия қорытындысы, экологиялық сараптама және жерді зерттеп-қарау материалдары негізінде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет, ауыл шаруашылығы аумақтық және басқа да уәкілетті органдармен келісілген бүлінген жерлерді одан әрі пайдалану (нысаналы мақсатын өзгерту; пайдаланудың арнайы режимін белгілеу; жерлерді сақтап қою; шаруашылық айналымнан толық шығару) туралы шешімнің жобасын дайындайды және оны облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органының бекітуіне енгізеді.

Жерді сақтап қою туралы қабылданған шешімнің негізінде жерге орналастыру жобасы әзірленеді, онда жерді сақтап қою мерзімдері, жердің бұзылуының алдын алу, топырақ құнарлылығын және ластанған аумақтарды қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар, оларды жүргізудің кезектілігі, сондай-ақ аталған іс-шаралар аяқталғаннан кейін жерді пайдалану жөніндегі ұсыныстар айқындалады.

12. Сақтап қоюға жататын жер учаскелері азаматтық заңнамаға сәйкес оларды сақтап қою кезеңіне жер учаскелерінің меншік иелерінен немесе жер пайдаланушылардан алынады және тиісті аудандық атқарушы органдардың босалқы жерлерінің құрамына ауыстырылады.

Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушыларға жерлерді сақтап қоюға байланысты келтірілген шығындар Жер кодексінде көзделген тәртіппен өтелуге тиіс.

13. Сақтап қою жағдайындағы жер учаскелерінің шекаралары жергілікті жерде арнайы белгілермен белгіленеді. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атқарушы органы бұл жерлер бойынша шаруашылық қызметке жол бермеу мақсатында оларды қорғауды қамтамасыз ететін режим белгілейді.

3-тарау. Ядролық қару сынақтары салдарынан нормативтен артық радиоактивті ластануға ұшыраған жер учаскелерін алып қою

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.12.2023 № 1100 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Ядролық қару сынақтары салдарынан нормативтен артық радиоактивті ластануға ұшыраған жерлерді босалқы жерлердің құрамына ауыстыру туралы материалдарды тиісті облыстық атқарушы органдардың өтінішхаты бойынша жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау және атом энергиясын пайдалану жөніндегі мемлекеттік органдармен бірлесіп дайындайды және Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына жолдайды.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.12.2023 № 1100 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 143-бабының 6-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, ядролық қару сынағының салдарынан нормативтен артық радиоактивті ластануға ұшыраған жер учаскелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде ядролық қару сынағының салдарын жою жөніндегі барлық іс-шаралар және кешенді экологиялық зерттеп-қарау аяқталғаннан кейін ғана жеке меншікке немесе жер пайдалануға беруі мүмкін.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.12.2023 № 1100 (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.